



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 16 (867) 24 сәуір 2025 жыл

www.facebook.com/Magzhanzhuldizi | https://vk.com/Magzhanzhuldizi | e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФЕСТИВАЛІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ

«Осыдан бір жыл бұрын бәріміз бір ел болып «Таза Қазақстан» жобасын бастадық. Мен, ең алдымен, осы жалпұлттық бастамаға алғашқы күннен бастап белсене қатысып жатқан әр азаматқа шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Әсіресе, солардың қатарында өздеріңіз сияқты жалынды әрі дарынды жастарымыз өте көп. Сіздер еліміздің әр аймағында еңбек етіп, қоғамдық жұмысқа атсалысып жүрсіздер. Бұл – үлгі боларлық іс. Мен Мемлекет басшысы ретінде сіздерді әрдайым қолдаймын!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тазалықтың мәні мен мағынасы жайындағы пікірімен бөлісіп, ойдың да, бойдың да, қоршаған ортаның да тазалығын сақтау әр адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші деп баға берді. Сондықтан тазалық халқымыздың болмысына сіңген қасиет болуы қажет екенін үнемі айтып келе жатқанын еске салды.

«Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз. «Жас келсе – іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәріңіз бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз – осы», деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілердің еңбегін де ерекше атап өтті. Оның айтуынша, волонтер болу, ең алдымен, нағыз отаншыл азамат болу, яғни, патриот болу деген сөз. Сондай-ақ Мемлекет басшысы экологияны жақсартуға кәсіпорындар мен кәсіпкерлер зор үлес қосып жатқанына тоқталды. Президент «Таза Қазақстан» аясында өте ауқымды жұмыс атқарылғанын, миллиондаған тонна қоқыс жиналып, көшет егілгенін тілге тиек етті. Бұл ретте «Бүкіл қазақстандық ағаш егу күні» акциясы жақсы дәстүрге айналғанын жеткізді.

– Осы шара шеңберінде бүкіл еліміз

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде айтулы жиынның маңызына тоқталып, «Тазалық» фестивалі өте тағылымды іс-шара екенін айтты.



Таза Қазақстан

бойынша соңғы үш күнде 4,5 миллионға жуық көшет егіліп, орман алқабымызды толтырды. Айналамызды жинау, ағаш отырғызу арқылы біз жайлы да таза қоршаған орта қалыптастырамыз. Барлық аула мен көшені, саябақ пен алаңқайды ұқыпты ұстау – өз қолымызда. Тазалық пен тәртіп – дұрыс өмір салтын ұстанудың басты көрінісі», – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев табиғатты аялау, тазалық мәдениетін әрбір азаматтың, әсіресе, жас ұрпақтың санасына сіңіру өзекті деп санайды.

– Мысалы, қоқысты сұрыптау, су мен жарықты үнемдеу, қоғамдық орынды бүлдірмеу – аса маңызды. Бұл біздің қоғамның қалыпты қағидатына айналуы

қажет. Экологиялық ағарту ісіне айрықша мән берген жөн. Мұны «Таза Қазақстан» кампаниясының негізгі бағыттарының бірі деуге болады. Уақыт өткен сайын көптеген адамдардың қоршаған ортаны аялауға, қорғауға ұмтылып жатқанын көріп отырмыз. Азаматтарымыз экологиялық талаптарды сақтап, оны саналы түрде өмір салтына айналдырып келеді. Мен жаңа ғана көрмені араладым. Онда экологияға мән берген кәсіпорындарымыздың жұмыстары қойылған. Оларға ризашылығымды білдіремін. Қоғамда жаңа экологиялық мәдениет қалыптасып жатыр. Тұтас елдің сана-сезімі өзгере бастады. Жастарымыз мұны терең түсінеді», – деді Президент.

Мұнан соң Мемлекет басшысы жастар ұсынған жобалармен танысқанын жеткізіп, әр бастамадан туған елге, табиғатқа деген қамқорлық байқалатынына назар аударды. Мысалы, Дана Есенғали мен Камила Қышқашбаеваның жобаларына тоқталып, бұдан қазақ жастарының жасампаз болмысы көрінетінін, ел мен жерге шынайы жанашырлығы білінетінін мәлім етті. Сонымен қатар Қазақстанның болашағы осындай санасы сергек, ойы ұшқыр жастардың қолында екенін баса айтты.

– Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтп бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы. Соңғы жылдары елімізде көптеген маңызды өзгеріс болды. Әділетті мемлекет болу үшін біз заман тәртіпке бағынатын қоғам құрып жатырмыз. Сондай-ақ ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, ескелең ұрпақ үшін, яғни, сіздер үшін жасалуда. Қазақ жастарының болашағы – жарқын, жолы – ашық. Мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Отаншыл, білімпаз, еңбеккер болыңыздар деп тілеймін. Сонда Қазақстанымыз да Әділетті, Таза, Қауіпсіз және Өркендеген озық ел болмақ. Бәріңізге сәттілік тілеймін», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Фестиваль соңында «Таза Қазақстан» акциясына белсенді қатысқан, қоғамда тазалық мәдениетін дәріптеуге ерекше атсалысқан бір топ жас марапатталды.

Сонымен бірге Президент «Таза Қазақстан» экофестиваліне арналған көрмені тамашалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев көрме экспозицияларын аралап көрді. Мұнда қоқыс өңдеу, өндірістік кәсіпорындар жобалары, табиғат тазалығы бойынша стартаптар, мектеп оқушыларының экологиялық бастамалары, сонымен қатар балалардың қоршаған орта тақырыбына арналған шығармашылық жұмыстары қойылған.

Ақорданың баспасөз қызметі.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Күрметті мағжандықтар! «Magjan juldzy» газетінде «Жедел желі» іске қосылды.

Сіздер желі арқылы жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпкерлік құрылымдардың қызметіне басқада өмірлік маңызды мәселелер бойынша ескертулеріңізді, сұрақтарыңызды және ұсыныстарыңызды жеткізе аласыз.

Осылайша, газет арқылы халық пен билік арасында байланыс нығая түспек.

Барлық келіп түскен мәселелер газетте жарық көріп, атқарушы биліктің тиісті құрылымдары мен қоғамдық ұйымдардың нақты жауаптары жарияланатын болады.

Өзекті мәселелер бойынша 8-705-141-44-74 WhatsApp нөмірі бойынша хабарласуға немесе жазбаша түрде




e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz электрондық поштасына жолдауға болады.

Біздің мекен жайымыз: Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй, «Magjan juldzy» газетінің редакциясы.

Анонимді хабарламалар қарастырылмайды.

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДА СҮРЕК ЖАЗДЫРТУ БАСТАЛДЫ



«Булаев орман шаруашылығы» коммунальдық мемлекеттік мекемесі ағаш кесу және орман билеттерін жаздырту және беру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 19 үйде орналасқан орман шаруашылығының орталық кеңсесіне немесе 8(715)31-2-22-49 телефон нөмірі бойынша хабарласуға болады.

ЕГІС - 2025

ЫЛҒАЛ ЖАБҮ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚ ӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Мағжан Жұмбаев ауданы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мәліметінше, қолайсыз ауа райына қарамастан, аудан егістік алқаптарында көктемгі-дала жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні ауданның агроқұрылымдары 132,6 мың га немесе жоспардың 30,3%

алаңында ылғал жапты.

Егіс алдындағы топырақты өңдеу 2,3 мың га алаңда жүргізілді. 0,5 мың га алаңға 39,5 тонна минералды тыңайтқыштар енгізілді. Ауданда минералды тыңайтқыштар мен ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын өкелу жалғасуда.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІНІ

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫЛАРДЫ ӘСКЕРГЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ



21 сәуір күні «АМАНАТ» партиясы кеңесі ғимаратының алдындағы алаңда жас мағжандықтарға ҚР Қарулы Күштері қатарына шақырып салу салтанаты болып өтті. Бірер күннен кейін Мұрсикабаев Әнуар мен Азғырбай Мамыр Отан қорғаушылар атанады.

Отанға қызмет ету - әр адамның қасиетті борышы. Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні қарсаңында әскерге шақырылу - үлкен мәртебе.

Осыған орай, әскерге шақырушыларға аудан әкімінің орынбасары Азамат Шөріпов пен қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы Нұржан Мелдебеков әскери қызметті абыроймен атқаруға және Отанға өз борышын жауапкершілікпен беруге тілек білдірді.

Сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Шөріпов жастарға естелік сыйлық табыс етсе, ата-аналар ақ жол тіледі.

Бүгінде Қазақстанның Қарулы Күштері Тәуелсіздіктің кепілі болып табылады және бүкіл ел үшін мақтаныш болып табылады.

Барлық Отан қорғаушыларға Қазақстан Республикасының оркендеуі жолында табыс, амандық және игі істер тілейміз!

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЦИЯ

«БҮКІЛҚАЗАҚСТАНДЫҚ АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ КҮНІ»



21 сәуір күні "Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні" республикалық акциясы өтіп, оған Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары елді көгалдандыруға өз үлестерін қосты. Олар елді мекендерге 5 мың түп қайың көшетін отырғызды.

Мәселен, бұл күні Булаев қаласының айналма жолының бойындағы аумақты көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп,

аталмыш акцияға жастар ресурстық орталығының, орман шаруашылығының қызметкерлері, кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжінің студенттері, ауданның еріктілері мен белсенділер барлығы 60 адам қатысты.

"Акцияның мақсаты - экологиялық жағдайды жақсарту. Ағаштар ауаны тазартады, шуды азайтады және

микроклиматтың жақсаруына ықпал етеді. Тағы бір міндет — аумақтарды абаттандыру және жасыл аймақтарды құру. Сондай-ақ, аудан тұрғындарына экологиялық тәрбие беру маңызды. Ағаш отырғызуға балаларды, жастарды және ересектерді тарту табиғатқа саналы көзқарасты қалыптастырады", - дейді акцияны ұйымдастырушылар.

Жиналғаннан кейін орманшылар қысқа нұсқау өткізіп, барлығына қажетті құралдар мен көшеттер берді. Содан кейін қатысушылар учаскелерге бөлініп, ағаш отырғызуға кірісті.

"Жұмыла көтерген жүк жеңіл" демекші, барлық көшеттер отырғызылып, суарылғаннан кейін қатысушылар естелік суретке түсіп, үйлеріне тарасты.

ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ

ЕРІКТІ ЖАСАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫН КҮЗЕТУДЕГІ РӨЛІ



Мемлекеттік шекара бұл жай ғана қартадағы сызық емес, ол Қазақстан Республикасының егемендігі мен тұтастығын қорғайтын бұзылмайтын сауыт. Оны күзету шекара қызметінің әскери қызметшілерінің үйлесімді жұмысын және ел азаматтарының белсенді қатысуын талап ететін аса маңызды міндет. Дәл осы жерде,

Отанды қорғаудың алдыңғы қатарында шекарашылармен нық тіреспіп, ерікті дружина мүшелері өз жеріне деген борышымен ғана емес, терең сүйіспеншілікпен де атсалысатын адамдар тұрады.

Шекара кеністігі шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға азаматтарды тарту қағидаларының негізінде барлық жерде ерікті жасақтар құрылды.

Аталған жасақтар Солтүстік Қазақстан облысының шекаралас елді мекендерінде де құрылып, шекараны қорғауға белсенді қатысады. Ерікті жасақтар негізінен ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығында жұмыс істейтіндер, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар, яғни күнделікті қызметі шекаралық кеністікте жұмыс істеуге байланысты және шекарадағы бұзушылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін ауыл тұрғындары болып табылады.

Осылайша, жергілікті тұрғындар мен ерікті жасақтардың көмегімен 2024 жылы облыс аумағында 44 құқық бұзушылықтың алдын алып, 52 шекара бұзушы ұсталды.

Шекара қызметінің Солтүстік Қазақстан

облысы бойынша департаменті ерікті жасақтарының барлық мүшелеріне алғысын білдіреді және ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті мен біздің облыстың Полиция департаменті арасында жасалған меморандумға сөйкес, алдағы немесе жасалған құқық бұзушылық туралы ақпарат берген азаматтарға ақшалай сыйақы қарастырылғанын еске салады.

Осылайша 2024 жылы Ерікті жасақтарының бес мүшесіне 10 АЕК мөлшерінде ақшалай сыйақылар берілді. Мәселен, жергілікті тұрғындардың ақпаратына сүйенсек, 27 қазанда Уәлиханов ауданындағы Шекара қызметі СҚО бойынша департаментінің жауапкершілік учаскесінде мемлекеттік шекарадан өткізу пунктін айналып өтіп, шекара бұзушы РФ азаматы ұсталды. Осыған байланысты ағымдағы жылдың желтоқсан айының басында сот отырысы өтті, оның шешімімен РФ азаматы Қазақстаннан 5 жылға шығарыла отырып, 200 АЕК (738 400 теңге) көлемінде айыппұл түрінде жауапқа тартылды.

Ерікті жасақтар - азаматтық жауапкер-

шілік пен патриотизмнің нағыз үлгісі. Олар өз елінің тағдырына бей-жай қарамайтын және мемлекеттік шекараны қорғауға өз үлестерін қосуға дайын адамдар. Олардың жанқиярлығы мен адалдығы жоғары баға мен құрметке лайық. Олар біздің егемендігімізді күшті және бұзылмайтын қорғаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Құрметті Солтүстік Қазақстан облысының шекара маңындағы тұрғындары! Отанымыздың Мемлекеттік шекарасын қорғауға белсене қатысыңыздар! Шекара қызметі департаментінің әскери қызметшілерімен бірге Отанның қасиетті шекарасын қорғау және нығайту ісіне лайықты үлесіңізді қосыңыздар!

Құдікті туңғалар табылған жағдайда, бұл туралы 8(7152)-628-007, 8(7152)-628-017 телефондары арқылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметінің департаментіне хабарлауға болады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

КОЛЛЕДЖДІҢ ІІІ АШЫҚ КУБОГЫ ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ

17-18 сәуір аралығында пікірсайыс бойынша СҚО әкімдігінің "Кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжі" КММ ІІІ ашық кубогы ойындары өтті. Биыл турнир Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылына арналды. Турнирге Солтүстік Қазақстан облысының колледж студенттері, жұмысшы мамандықтары бойынша білім алушылар, сондай-ақ Мағжан Жұмабаев ауданының жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары қатысты. Пікірсайыста Солтүстік Қазақстан облысы колледждерінің 11 командасы, сондай-ақ Мағжан Жұмабаев ауданының 17 мектеп командасы бақ сынасты.

Турнир зияткерлік демалыс нысандарын насихаттау және студенттер мен оқушылар арасында танымдық белсенділікті ынталандыру.

"Еңбек адамы" идеясын және жалпы жұмысшы мамандықтарын насихаттау, сондай-ақ оқушылардың кәсіптік бағдарын айқындау мақсатында өткізілді.

Турнир концерттік бағдарламамен ашылып, аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары дебат қатысушыларын әсем әндермен қарсы алды. Салтанатты ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, ауданның білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев, Солтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім бөлімінің басшысы Бауыржан Зейнулин, колледждің әлеуметтік серіктестері, "AMANAT" партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов қатысты.

Пікірсайыс 4 іріктеу кезеңінен және турнирдің финалдық бөлімінен тұрды.



ақтық сынға іріктеу қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған 8 команда жолдама алды. Ойындар өте бәсекеге қабілетті және тартысты өтті, мәселен, Қарақоға орта мектебінің командалары керемет көрсетті және дестүрлі түрде Булаев мектеп-бөбекжай кешенінің спикерлері үздік ойынымен көзге түсті. Турнир қорытындысы бойынша: 1 орын – "Булаев мектеп-бөбекжай кешені" КММ командасы, 2 орын – "№2 Булаев

орта мектебі" КММ, 3 орын - "Полудин орта мектебі" КММ, 4 орын - "Солтүстік Қазақстан жоғары кәсіптік-педагогикалық колледжі" КМҚК. Турнирдің нағыз ашылуы №2 Булаев орта мектебі мен Полудин орта мектебінің командалары деп нық сеніммен айтуға болады, бұл командалардың қатысушылары турнирдің ең жас дебатерлері атанды. "Үздік делегация" номинациялары бойынша "Ескендір Дәуітов атындағы

Петропавл қаласының қызмет көрсету саласы колледжі" КММ, "Жыл серпілісі" - "Солтүстік Қазақстан жоғары кәсіптік-педагогикалық колледжі" КМҚК, "Үздік спикер" - Бойко Мария ("Қарақоға орта мектебі" КММ) марапатталды.

Барлық командалар мен тәлімгерлер қатысу сертификаттарымен, дипломдармен, естелік сыйлықтармен, ал турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлері кубоктармен марапатталды.

WORLD SKILLS ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ӨНІРЛІК КЕЗЕҢІ

СТУДЕНТТЕР ЛАЙЫҚТЫ ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Сәуір айында техникалық және кәсіптік білім беру саласында дәстүрлі түрде World Skills кәсіптік шеберлік чемпионатының өңірлік кезеңі өткізіледі. Ал 2025 жылғы чемпионат аса маңызды, өйткені ол Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылымен тұспа-тұс келіп отыр.

Облыс орталығының колледждерінде болашақ мамандардың сайысы үшін алаңдар құрылған болатын. Булаев қаласының кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжі "Аспазшы ісі" және "Дәнекерлеу технологиялары" атты құзыреттіліктер бойынша бақ сынады. Бұл құзыреттер дәстүрлі болып табылады, олар республикалық және әлемдік біріншілікте ұсынылған, сондықтан осы бағыттарда чемпион немесе жүлдегер болу оқу орны үшін ерекше құрметті болып табылады.

Чемпионатта үздік атану үшін алғашқы болып аспаздар кірісті. 15 сәуір күні жоғары құрылыс-экономикалық колледж базасында осы мамандықтың үздік өкілдері жиналды. Біздің колледждің атынан 3 курста білім алатын П-22 тобының студенті Солодников Вадим (өндірістік оқыту шебері Шелупа Ольга Владимировна) қатысты. Болашақ аспазшылар екі модульде жарысты: "Сивр еті "Веллингтон" және "Десерт". Тартысты бәсеке жағдайында өткен сайыста Вадим World Skills-СҚО-2025 үздік медалінің иегері атанып, тамаша дағдылар мен ерекше білімін паш етті.

Содан кейін біздің дәнекерлеушілер аудан мен оқу орнының намысын абыроймен қорғады.



Атап өтерлігі, біздің Булаев қаласының кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледждің дәнекерлеуші студенттері 3 жыл бойы World Skills өңірлік кезеңінің тұрақты чемпиондары болып табылады. Мәселен, 2022 жылы Тимченко Михаил, 2023 және 2024 жылдары Витковских Вадим және Завада Владислав



сәйкесінше чемпион атанған болатын. Колледж студенттері чемпионаттың республикалық кезеңінің "Үздік маман" медальондарының иегерлері болып табылады, ал биылғы жылдың қатысушысын дайындаған өндірістік оқыту шебері Витковских Вадим Валентинович осы құзыретте Қазақстан

Республикасының чемпионы болып табылады. Осылайша, біздің колледжде металл дәнекерлеу бағытында үлкен жеңіс дәстүрі бар деуге әбден болады.

16 сәуір күні жоғары құрылыс-экономикалық колледжінің базасында Э-23 тобының 2 курс студенті Лузин Антон жарыс жолына шықты. Металды өңдеудің болашақ шеберлері ең күрделі үш модульде – "Бақылау үлгілерін дәнекерлеу", "Сыйымдылықты дәнекерлеу және қысыммен герметикалықты тексеру", "Түсті металдарды қорғаныс газдарында дәнекерлеу (аргон)" бойынша сайысқа түсті. Бұл жолы Антонға үлкен жауапкершілік жүктелді, өйткені чемпиондар атағын қорғау қажет болды. Біздің студент чемпионаттың ең жас қатысушысы болғанына және көптеген бәсекелестердің бұл жарысқа бірінші жыл қатыспағанына қарамастан, Антон жоғары шеберлік пен тамаша білімді көрсете алды. Біріншіліктің қорытындысы бойынша кәсіби шеберлік чемпионатының өңірлік кезеңінің алтыны тағы да Булаевқа аттанды.

Осылайша, 2025 жылы колледждің медаль қоржынында - World Skills чемпионатының өңірлік кезеңінің 1 алтын медалі және 1 "Үздік маман" медалі бар!

Студенттер мен өндірістік оқыту шеберлерін жоғары жетістіктерімен құттықтаймыз!

Батыр ӘБИЛМӘЖІНОВ, Булаев қаласының кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

ПЕТРОПАВЛ СТАНЦИЯСЫНДАҒЫ ЖПБ «ЖАСӨСПІРІМ» ЖПІШ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

2025 жылғы 10 сәуірден 6 мамыр аралығында Петропавл станциясындағы ЖПБ қызмет көрсету аумағында темір жол және әуе көлігі объектілерінде тиісті қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстардың алдын алу, жолын кесу аясында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасындағы қылмысты ескерту және оның алдын алу, оның ішінде білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу, көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды

анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстық қол сұғушылықтардың алдын алу болып табылады.

Іс-шара барысында теміржол аумағында жасөспірімдердің ата-анасына ҚР ӘҚБтК 442 бабының 2 бөлігімен 4 хаттама толтырылды

және қараусыз жүрген 1 жасөспірім көмелетке толмағандарды бейімдей орталығына жайғастырылды.

Петропавл ст. ЖПБ жеке құрамымен осы бағыттағы жұмыстар ұйымдастырылып жалғастырылуда.

Петропавл станциясындағы желілік полиция бөлімі.



ОПМ "ПОДРОСТОК"

"ЖАСӨСПІРІМ" ЖПІШ

РОЗА ӘЛҚОЖА МАҒЖАН ЕЛІНЕ ҚОНЦЕРТ ҚОЙДЫ



Халқын назды әуенімен тербеткен әнші Роза Әлқожа 2008 жылы өнер жолына қадам басып, «Мен сыйға тартқан орамал» деген алғашқы альбомымен танымал болды. Содан бері әнші халық ықыласына бөленіп, елдің сүйікті әншісіне айналды.

Бұлаевта өткен ән кешін жас талант Бейбарыс Қаба ашып, мағжандықтарға өз репертуарынан өндер орындап, жиналғандарды тәнті етті.

Концертте Роза Әлқожа керемет қоңыр дауыс иесі ғана емес, ақын екенін паш етіп, өзі шығарған өлең шумақтарын оқып берді. Мағжандықтар әншінің өндерін сүйсіне тыңдап, үнемі қошемет көрсетіп отырды.

Әнші кеш соңында аудан басшылығына,

Қоңыр сазды әндерімен әншінің көпшіліктің жүрегіне жаулап алған патшалық әні, сазгер Роза Әлқожа иесі Мағжан еліне концерт қойды. Қоңыр айының 23-ші жұлдызында Бұлаев қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде өткен концерттің әншінің ұлы Бейбарыс Қаба да өнер көрсетті.

аудандық Мәдениет үйінің ұжымына концертті ұйымдастырып, халық алдында өнер көрсетуге мүмкіндік жасағаны үшін ризашылығын білдірді.

Өз кезегінде аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов сахнаға шығып, Роза Әлқожаға аудан әкімі Рахат Смағұловтың атынан гүл шоқтарын сыйға тартып, шынайы алғысын айтты.

- Құрметті жерлестер! Бүгін біздің алдымызда қазақ эстрадасының жарқын жұлдызы Роза ханым өнер көрсетіп, естен кетпес концерт қойды. Мағжан

елінің жұртшылығы рухани азық алып, ән өнерінен сусындап қалғаны көрініп-ақ тұр. Өйткені біздің ауданда көптен бері мұндай ән кештері ұйымдастырылмаған еді. Оған да коронавирус індетіне байланысты белгілі себептер болды. Дегенмен, бүгін мағжандықтар үшін тамаша әндер шырқап, ыстық сезім сыйлаған Роза Әлқожаға аудан басшылығының атынан алғыс айтамын. Сізге және Сіздің отбасыңызға амандық-саулық, өнеріңізге шығармашылық табыс пен ерқашан ақ жол тілейміз, - деді Азамат Сайранұлы.

Сонымен бірге, аудандық Мәдениет үйінің жанынан ашылып, жерлестерін өнерімен тәнті етіп жүрген «Аманат» вокалды-аспапты тобының мүшелері ел еркесі - Розаға сый-сияпат жасады. Мұнымен қоса, сүйікті әншісіне халық гүл шоқтарын тарту етіп, иығына орамал жауып жатты. Тіпті, қазақи дәстүрмен балаларына бата сұрап, естелік суретке де көптеп түсті.

Қазақи бояуықанық, ұлттық құндылықты жоғары қоятын әнші, сазгер, ақын Розаның шығармашылығына ризалығын білдірген көпшілік кештен тәтті сезіммен тарасты.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

АДАМ ЕҢБЕК АБЫРОЙЛЫ ЕПЕДІ

«Шын жүректен» жобасы аясында аудандық ардагерлер кеңесі көптеген қызықты және мазмұнды іс-шаралар өткізді. Бұл жолы да аудандық Мәдениет үйінде «Әлемде жұмысшы адамнан жоғары атақ жоқ!» атты Жұмысшы мамандықтар жылына арналған іс-шара ұйымдастырды. Аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов қатысып, іс-шара ұрпақтар кездесуі түрінде өтті. Маңызды шараны ардагерлермен қатар, ауылдық округ әкімдері, колледж студенттері, мектеп оқушылары, қарапайым қала тұрғындары тамашалады.

Ұйымдастырушылар жиналғандарға құрметті қоңақтар ретінде шақырылған Оразбекова Күлназ Сәрсенбайқызы, Захарова Раиса Филипповна, Федотова Надежда Афанасьевна, Сигутинов Анатолий Григорьевич, Нурғалиева Загила Жұмабайқызы, Қыдырмин Кенжебек Қалелұлы сынды еңбек адамдарын таныстырып, оларға құрмет көрсетті. Олардың әрқайсысы туралы бейнефильм көрсетіліп, еңбек адамдарының өмірі туралы қызықты ақпарат берілді.

Кездесуді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов ашып, еңбектің тектілігі мен қуанышы, жұмысшы адамның абыройы туралы баяндады.

Мәселен, Күлназ Сәрсенбайқызының өмірі еңбекпен тығыз байланысты. Жастайынан еңбекке ерте араласқан кейіпкеріміз тек 4 сынып қана бітіріп үлгерген. Өйткені ол анасына көмектесіп, әртүрлі жұмыс атқарған екен.

Есейе келе ол колхозда жұмыс істеп, атпен шеп тасыған. Тұрмысқа шыққан соң, Бұлаевқа көшіп, көпбалалы отбасын құрған. Әр жылдары от жағушы, техникалық жұмысшы, вахташы, қаңқалы үй құрылысы зауытында жұмысшы болып еңбек етті. Осылайша, ол көп жылғы адал еңбегі үшін Құрмет грамоталарымен және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің мерейтойлық медальдарымен марапатталған жан. Сондай-ақ Күлназ Сәрсенбайқызы III дәрежелі «Ана даңқы» медалімен марапатталып, бүгінгі таңда алты баласынан тараған 11 немере мен 23 шөберені сүйікті әжесі.

Раиса Филипповна Захарова да мектептің 6-сыныбын бітіріп, анасы қатты ауырып қалуына байланысты ерте жұмыс істей бастаған жан. Ол шеп шауып,



бұқаларға шеп тасыды, есейе келе трактор бригадасында тіркеме тіркеуші болып, кейін сауыншы болыа ауысқан. Тұрмыс құрғанымен ерте жесір қалып, балаларын өзі өсіріп тәрбиелеген екен.

Еңбектегі жоғары жетістіктері үшін ол Құрмет грамоталарымен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 1976 жылы Раиса Филипповнаға «Батыр ана» атағы берілсе, 2010 жылы «Алтын алқа» алқасы табыс етілген.

Сигутин Анатолий Гаврилович 30 жылдан астам жүргізуші болып жұмыс істеген тәжірибелі маман. 1958 жылы 18 жасында ол алғаш рет жұмысқа кірісті. Әскерден оралған соң ол Бұлаев автобазасында жұмыс істесе, 1963 жылдан бастап темірбетон бұйымдары зауытында жүргізуші болды.

Жауап жұмысшы атанған ардагердің марапаттары да мол: жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін грамоталар, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгілері, «Мамандығы бойынша үздік» атағы. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталып, ол облыстық Еңбек Даңқы кітабына енген.

Ал тағы да бір кейіпкеріміз - Надежда Афанасьевна Федотованың бүкіл өмірі Конохов ауылымен тығыз байланысты. Ол

кеңшарда сауыншы болып еңбек жолын бастап, көп жыл бойы адал жұмысынан жасады. Еңбек ауыр болғанымен, ол бар ынтасымен еңбек етті.

1957 жылы Надежда Афанасьевнаға мк«Солтүстік Қазақстан облысының үздік сауыншысы» атағы берілді және ол бұл атақты бірнеше рет растады. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған еңбеккердің есімі көп жылдық адал еңбегі үшін Конохов кеңшарының Құрмет кітабына енген.

Загила Жұмабайқызы Нурғалиева - еңбекке ерте араласқан жандардың бірі. Ол техникум бітіріп, кітап дүкенінде сатушы болып жұмыс істеген. Содан кейін, Құралай ауылына көшіп, сауыншы, бұзау өсіруші сияқты жұмыстар атқарған. Адал еңбегі үшін көптеген Алғыс хаттар мен грамоталарға ие болған ауыл еңбеккері. Ауылдың қара жұмысымен қатар, ол алты бала дүниеге әкеліп, «Күміс алқа» алқасымен марапатталған батыр ана. Бүгін қазыналық қария балалары мен немерелерінің сүйіспеншілігіне бөленіп, бақытты гүмбір көшеде.

Кенжебек Қыдырмин өзінің еңбек жолын Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасу жылдарында бастаған. Сол уақыттан бері ол механизатор болып жұмыс істеп келеді.

Оның еңбек жолы 1997 жылы «Ноғайбай» ЖШС басталып, жас жігітті К-700 қуатты тракторы қызықтырған екен. Қазіргі кезге дейін мол тәжірибе жинақтаған майталман механизатор бүгінгі таңда заманауи агротехниканы игеріп алған. Қазір Кенжебек Қалелұлы К-735 заманауи техникасында жұмыс істеп, еңбек дағдыларын жетілдіріп, жас механизаторлармен тәжірибе бөлісуде.

Осылайша, бұл күні кездесуге шақырылған құрметті еңбек адамдары лайықты марапатқа бөленіп, бастаушы ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен ауылдық округ әкімдері тарапынан сый-сияпатқа ие болды.

Іс-шарада жастар өздерінің ата-әжелерінің еңбегіне жаңа көзқараспен қарауға, олардың адами қасиеттерін, қиындықтарға ерлікпен қарсы тұруын бағалауға мүмкіндік алды.

Ең бастысы, еңбек адамын құрметтеуге арналған мұндай іс-шаралардың тәрбиелік мәні өте зор болып табылады. Сондықтан аудандандық ардагерлер кеңесі бұл бағыттағы жұмыстарды бекітілген жоспарға сай жалғастырмақ.

Серік ЫСҚАКОВ,
аудандық ардагерлер кеңесі
төрағасының орынбасары.

ӘЛИЯ МОЛДАҒУЛОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

ӘЛИЯНЫҢ ЕРЛІГІ - ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН!



Кез-келген отбасының өмірі мемлекет тарихымен тығыз байланысты. Елде болған барлық оқиғалар әрқайсымыздың тағдырымызға әсер етеді. Мәселен, миллиондаған адамның тағдырына әсер еткен Ұлы Отан соғысының аяқталғанына биыл - 80 жыл толды. Сол уақыттан бері көп нәрсе өзгерді, бірақ болашақ ұрпақ үшін халық жасаған Жеңістің, әскери және еңбек ерліктерінің маңыздылығы мәңгілікке өзгеріссіз қалды.

Біз, өскелең ұрпақ бейбітшілік пен келісімде өмір сүруі үшін көптеген адам соғыста жанын пайда етіп, бар күш-жігерін жұмсап, шыдамдылық танытты. Бұл сұрапыл уақытты еске алған кезде біз әрқашан «Ешкім ұмытылмайды, ештеңе ұмытылмайды» деген сөздерді мақтаншыпен айтамыз. Жыл сайын еліміз тағы бір бейбіт көктемді - Ұлың Жеңістің 80-жылдығын кеңінен атап өтеді. Бұл күндері біз майдан даласында, тылда Жеңіс үшін, біз үшін және болашақ үшін өмір сыйлаған ата-бабаларымызды ерекше еске аламыз.

21 сәуір күні аудандық балалар кітапханасында аудандық балалар кітапханасы мен жастар ресурстық орталығы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысының батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына арналған «Ерлік, естелік, тағзым» атты рәквием-кеш болып өтті, оған кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжінің студенттері шақырылды.

Іс-шараның мақсаты - Ұлы Отан соғысының майдан даласынан оралмаған бейбітшілік үшін күрескен батырларды еске алу; қатысушыларды Әлия Молдағұлованың өмірбаянымен және ерлігімен таныстыру және оның Ұлы Отан соғысындағы ерлігінің мәнін ашу, өз елінің батырлары үшін мақтаншы сезім тәрбиелеу; жастардың белсенді азаматтық ұстанымын және Отанды қорғауға дайындығын қалыптастыруға ықпал ету; Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадының сақталуына жәрдемдесу.

Балалар Әлия Молдағұлованың, оның

жауынгерлік ерліктері мен қиын тағдыры туралы әңгімесін үлкен ықыласпен тыңдап, соғыс уақытындағы қиын ауыртпалықтар туралы білді. Жастар режиссер Болатбек Шамшиевтің «Мергендер» фильмінің үзіндісін көрсетіліп, фильм арқылы жалғандар 18 жастағы нәзік те сұлу қыздың есебінде ресми түрде жойылған неміс армиясын 78 қатардағы жауынгері мен командирлері бар екенін, Әлия қанша жас болса да қару-жарақты ептілікпен ұстайтындығын және жаумен шайқаста ерлігімен ерекшеленгенін естіп білді. Кездесу барысында өскелең ұрпақ атақты Роза Рымбаеваның орындауындағы «Әлия» әнін мақтаншы сезіммен тыңдады. Студенттер Әлия Молдағұлова қазақ халқының жадында қайсар мінзеті қыз болып қалады деген қорытындыға келді. Ол туған Отаны үшін жастық шағы мен өмірін құрбан етті. Сондықтан Әлия Молдағұлованың есімі халық жадында мәңгі сақталып, жас ұрпақтың алғысына бөлене береді.

Балалар кітапханасының залында

безендірілген «Батыр қалалар» стенд-жобасы мен соғыс туралы шығармалардың кітап көрмесі үлкен қызығушылық тудырды. Іс-шара барысында бүгінгі өскелең ұрпақтың Отанымыздың әскери өткеніне құрметпен қарайтынын көрсетті.

Бұл кеш Әлия Молдағұлованы ғана емес, сонымен қатар ерліктері біздің жүрепмізде сақталған және бейбітшілік пен әділеттілік жолында жаңа жетістіктерге шабыттандырған Ұлы Отан соғысының барлық батырларын еске алуға арналды. Ұйымдастырушылар бұл іс-шара жас ұрпаққа тарихи жадыны сақтаудың маңыздылығын және Жеңістің қандай бағамен келгенін тағы да еске салды деп үміттенеді. Өйткені Әлия Молдағұлованың ерлігі - көптеген ұрпақтар үшін ерлік пен жанқиярлықтың жарқын үлгісі екені сөзсіз.

Ирина ГЛЕЙЗНИС,
аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

БАТЫР ҚЫЗ - МӘНГІ ЕЛ ЕСІНДЕ

«Отан үшін, алла!» - деп жүрегің оққа тосқан батырларымыз жайлы сөз қозғасақ, жүрегіміз елжіреп сала берері. Бүгін сөз өткізіп отырған батыр, ержүрек, сұлу қызымыз - Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұлова жайлы болмақ.

21 сәуір күні Таман мектеп-бобекжай-бақша кешенінде өмірі ерліктің, отаншылдықтың пен жанқиярлықтың символына айналған Кенес Одағаның батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына арналған дөңгелек үстел болып өтті.

Бұл іс-шараның мақсаты оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу отырып, елін, жерін сүйуге, отаншылдыққа баулу.

Дөңгелек үстелге 8-11 сынып оқушылары, ұстаздар қатысып, Әлия Молдағұлованың ерлік жолын еске алды. Шараға қатысушылар батыр қыздың Ұлы Жеңіске қосқан үлесін талқылап, деректі фильмдерді тамашалады.

Сондай-ақ, «Өз елінің нағыз патриоты болу» деген тақырыпта өлеңдер жазып, ойларын ортаға салды.



Қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін маңызды атамалы күн – Ұлттық кітап күні. Кітап пен сөзге деген сүйіспеншілікте, шын мәнінде, шек жоқ.

КІТАПТАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Биыл елімізде алғаш рет Ұлттық кітап күні аталып өтпек. «Озық ойлы ұлт болудың төте жолы – кітап оқу». Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Елбасшымыз кітап оқудың жоғары мәдениетін қалыптастыруды тапсырған болатын. Бұл әдебиетіміз бен тарихымызға терең бойлап, халықтың таным көкжиегін кеңейтуге бағытталған байыпты бастама.

Ұлттық кітап күнін мерекелеу құрметіне аудандық орталық кітапханада «Кітаптар әлеміне қош келдіңдер» атты ашық есік күні өтті. Терең мазмұны мен рухани құндылығы бар танымдық және тәрбиелік іс-шаралар кітаптың адам өміріндегі маңыздылығын түсінуге, оқырмандардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. 21-23 сәуір аралығында ашық есік

күні аясында кітапханаға Мағжан Жұмабаев ауданының пробация қызметі бөлімінің, мамандандырылған күзет қызметі басқармасының қызметкерлері, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері, № 2 Булаев орта мектебінің оқушылары келді.

Кітапханашылар қонақтарды келіп түскен жаңа кітаптармен таныстырса, орталық кітапхананың библиографы Марина Марий кітап көрмесін тамашалауға шақырды.

Осылайша, кітапханашылар ашық есік күніне орай қатысушыларға кітаптар әлеміне қызықты саяхат жасауға, кітаптарды насихаттауға, оның құндылығын ашуға және рухани әлемді байытуға мүмкіндік берді.

Айгуль РАСҚҰЛОВА,
аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы.



КІТАП – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Әрбір ұлттың тарихы мен мәдениеті кітаптар арқылы өмір сүреді. Ұлттық кітап күні - бұл рухани мұрамыздың сақталуы мен дамуына үлес қосатын маңызды мереке. Кітап - ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мәдени құндылық, білім мен тәрбиенің қайнар көзі. Осы күн кітап оқуға деген қызығушылықты арттырып, қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан үшін кітап - білім мен мәдениеттің, тарих пен болашақтың арасын жалғаған рухани көпір. Ұлттық әдебиеттің дамуы мен сақталуы - ұрпақтар сабақтастығының берік іргетасы. Кітап - елдің рухани қуаты мен зияткерлік деңгейінің айнасы.

Қазақстанның Ұлттық кітап күні - халқымыздың рухани мұрасын сақтау, ұлттық әдебиеттің даму бағыттарын айқындау және кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру мақсатында ұйымдастырылатын маңызды мәдени шара. Бұл күн - өскелең ұрпақты кітап арқылы тәрбиелеудің, білім мен парасаттылыққа жетелеудің символына айналды.

Ұлттық кітап күні - кітап оқуды насихаттау, жаңа ұрпаққа әдебиет пен өнердің маңызын түсіндіру мақсатында ұйымдастырылады. Қазақстанда бұл күн аясында кітап оқуды жандандыру, балалар мен жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық әдебиеттің кеңінен танылуы бағытында түрлі мәдени-танымдық іс-шаралар өткізіледі. Кітап - ұлттың дамуы мен рухани өрлеуінде ерекше орын алатын құндылық.

Ұлттық кітап күні - еліміздің мәдениеті мен әдебиетінің дамуына тың серпін беретін маңызды кезең. Бұл мереке халықтың кітапқа деген құрметін арттырып, жас ұрпаққа оқу мен білім алудың маңызын насихаттауға бағытталған. Кітап - болашаққа жол ашатын сөуле. Оның әрбір сөзі бізді өткенімізбен сабақтастырып, болашаққа деген сенімімізді нығайтады. Ол - рухани бағыт, ұлттың ұлы құндылығы.

Гүлнар ШАЙДУЛЛИНА,
Сарытомар ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

23 СӘУІР - ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

КОНКУРС

«ПАРЫЗ - 2025»

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурс туралы» Жарлығына сәйкес 2025 жылда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурс жарияланды.

Конкурс екі кезеңде, өңірлік және республикалық деңгейде өтеді.

Оған жеке кәсіпкерлік субъектілері (ЖШС, АҚ, ШҚ, ФҚ, ЖК) қатыса алады.

Конкурс лауреаттарының атақтары келесі санаттар бойынша беріледі:

- 1) шағын кәсіпкерлік субъектісі және орта кәсіпкерлік субъектісі;
- 2) ірі кәсіпкерлік субъектісі;
- 3) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын». Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның өл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекке қатысу және әлеуметтік төлемдерді төлеуді, еңбекті қорғау, кадрларды кәсіптік даярлау мен қайта даярлау жүйесі және тағы басқалар) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады;
- 4) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын». Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады;
- 5) «Үздік ұжымдық шарт». Бұл номинацияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады;
- 6) «Экологияға қосқан үлесі үшін» атты төрт номи-



нация бойынша беріледі. Бұл номинацияда қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған, табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Байқауда «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» арнайы сыйлығы тағайындалады. Осы арнайы сыйлықта жұмыспен қамтуға және (немесе) халықтың әлеуметтік осал және аз қамтылған топтарының өмір сүру жағдайларын жақсартуға ықпал ететін бизнес іске асыратын әлеуметтік жобалар қаралады.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А мекенжайы бойынша орналасқан «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ-не тапсырылады, телефон 2-81-49, 2-81-60.

Конкурсқа қатысу өтінімдерінің қабылдау мерзімдері 2025 жылғы 30 маусымда аяқталады.

САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ШЕТЕЛДІК ДИПЛОМДАРДЫ ТАҢУ EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ

eGov Mobile қосымшасында шетелде алынған жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдарды таңу қызметі қолжетімді болды. Қызмет шетелдік жоғары оқу орнындағы түлектеріне Қазақстанда жұмысқа орналасу немесе оқуын жалғастыру үшін дипломның ресми түрде растауға мүмкіндік береді.

Бұрын дипломды таңу рәсімі жеке өтініш беруді және қағаз құжаттарды жинауды талап етсе, енді бүкіл процесс онлайн форматта қолжетімді. Бұл өтінішті қарау мерзімін едәуір қысқартып, қызметті пайдаланушылар үшін ыңғайлы етеді.

- Қызметті пайдалану үшін:
- eGov Mobile қосымшасында авторизациядан өту қажет;
 - «Қызметтер» – «Білім» бөлімінде «Жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттарды таңу» қызметін таңдау;
 - өтінішті толтырып, қажетті құжаттарды тіркеп және төлем жасау қажет;
 - өтінішті қол қоюдың қолжетімді әдістерінің бірімен растау.

Өтініш заңнамада белгіленген мерзімде қаралады. Нәтижесінде, пайдаланушы дипломды таңу туралы электрондық құжатты алады немесе заңда көзделген негіздер бойынша дәлелді жауап беріледі.

Жаңартылған қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп жүзеге асырылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.



ӘСЕР ЕТУ СКРИНИНГІН ҚАРАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 55 бабы 6 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне стратегиялық экологиялық бағалау жүргізу үшін мынадай құжаттар (бұдан әрі - СЭБ материалдары) келіп түсті:

Жобаны стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есепті қамту аясын айқындау (скрининг кезеңі) «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье, Молодогвардейское, Октябрьское, Қарағанды, Писаревка, Советское, Ұзынкөл, Успенка, Полтавка, Таманское ауылдарын дамыту және құрылыс схемалары (бас жоспарларының жеңілдетілген нұсқасы)».

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «СК РАОЛ «ИНВЕТ» ЖШС.

СЭБ материалдарына тапсырыс беруші: «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ.

СЭБ материалдарын әзірлеуші жауапты: А.Ж. Нурбаева.

СЭБ материалдары бойынша қорытынды беруге уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

- 1) Жобаны жүзеге асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?
- 2) Жоба бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?
- 3) СЭБ өткізу қажет деп санайсыз ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?
- 4) Жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты Сізде өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма? Стратегиялық құжаттың қолданылу кезеңі: 2042 жыл.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау бойынша рәсімдерді өткізу мерзімі: 2025 жылғы 21 сәуірден бастап 2025 жылғы 5 мамырға дейін (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2025 жылдың 5 мамыры).

Байланыс деректері:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі - Астана қ., Мөңгілік ел даңғылы, 8. Экологиялық саясат департаменті.
Тел.: 8 776-941-42-11; 8 (7172) 74-02-83.
e-mail: r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz; b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде төменде көрсетілген мекенжайларға жіберуге болады:

- электронды түрде Экология министрлігі Канцеляриясының электрондық мекен жайына: k.kense@ecogeo.gov.kz (сіздің құжаттыңызды Канцелярияның алғаны туралы +7 7172 74-08-44 телефоны арқылы нақтылау қажет);

- e-mail: r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz; b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

- «WhatsApp» нөмірі: 8 776-941-42-11, 8 (7172) 74-02-83.

СЭБ бойынша материалдар орналастырылған: Экология министрлігінің сайтында («Қызмет» бөлімі - «Нәтигі құжаттар» бөлімі - «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

Тапсырыс берушінің сайтына.

2025 ЖЫЛДЫҢ 2-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының өкімі - Бірімжанов Азамат Тоқышұлы айдың әр аптасының сәрсенбісі, сағат 14.30-дан 15.30-ға дейін қабылдайды. Булаев қаласы өкімінің орынбасары – Исабаяв Дамир Қуандықұлы айдың әр аптасының бейсенбісі, сағат 14.30-дан 18.00-ға дейін қабылдайды. Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, тел 2-14-46, 2-14-07.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің өкімі - Қайыржанов Марат Қанатұлы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бастомар ауылы, тел 3-57-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округінің өкімі - Исмағамбетова Гүлмира Бейсембайқызы апта сайын сәрсенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бәйтерек ауылы, тел 2-75-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің өкімі - Омарова Шырайлым Рысбайқызы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Лебяжье ауылы, тел 5-23-39.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округінің өкімі - Васильева Эльвира Леонтьевна апта сайын сейсенбі, жұма күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Надежда ауылы, тел 5-40-36.

Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округінің өкімі - Темірханов Темірболат Әділұлы әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Жастар ауылы, тел 2-35-29.

Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің өкімі - Форш Валерий Яковлевич апта сайын сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Советское ауылы, тел 3-66-12.

Мағжан Жұмабаев ауданы Полудин ауылдық округінің өкімі - Қалиев Мәдениет Мекенұлы апта сайын сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Полудино ауылы, тел 2-65-73.

Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің өкімі - Хасенов Рашид Төләуұлы апта сайын сейсенбі, жұма күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Чистовское ауылы, тел 2-45-35.

Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округінің өкімі - Соколов Виктор Васильевич апта сайын бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Возвышенка ауылы, тел 3-12-62.

Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің өкімі - Коношевский Александр Андреевич әр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Полтавка ауылы, тел 2-71-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы - Мусатаев Қанат Мерекеұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24, «Қаржы және экономиканы бөлімі» КММ ғимараты, тел 2-12-01.

Мағжан Жұмабаев ауданы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы - Құсайынов Әлібай Нұрбайұлы апта сайын бейсенбі күні сағат 14.30-дан 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Пионерская көшесі, 2 А үй, тел 2-00-25.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-14-46.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-57-33.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-75-33.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-23-39.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-40-36.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-35-29.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-12-62.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Полудин ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-65-73.


«Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-45-35.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-66-12.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-71-33.

«Мағжан Жұмабаев ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімі» КММ - 8(71531) 2-12-01.

«Мағжан Жұмабаев ауданы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» КММ - 8(71531) 2-00-47.



Дүйсенбі, 28 сәуір	Сейсенбі, 29 сәуір	Сәрсенбі, 30 сәуір	Бейсенбі, 1 мамыр	Жұма, 2 мамыр	Сенбі, 3 мамыр	Жексенбі, 4 мамыр
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д/Ф. 07.00 «ТАՆՏՈԼՐԱՆ». 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛИМ». 13.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.10 АПТА. 15.00 ҚОС ПАЛАТА. 15.20, 03.40 ЕҢБЕК АДАМЫ. 15.50, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 19.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 00.50 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.25 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 23.15 1001 ТҮН. 01.40 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 06.35 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 TAՆՏՈԼՐԱՆ. 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛИМ». 13.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.10 АҚОРДА. 14.25 «АТАЛЫ ЖҰРТТЫҢ АТЫ». 14.50, 21.20 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 15.50, 03.00 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 19.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 01.40 САНА. 02.40 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 06.35 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 TAՆՏՈԼՐԱՆ. 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛИМ». 13.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.10, 03.40 ЕҢБЕК АДАМЫ. 14.50, 21.20 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 15.50, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 19.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 01.40 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.35 ФУТБОЛ. 07.00 TAՆՏՈԼՐԱՆ. 10.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00, 20.30 КОНЦЕРТ. 14.10, 02.35 Д/Ф. 14.45 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 15.50, 03.05 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 19.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 23.50 ФУТБОЛ. 04.05 «ТҮРКІСТАН - ДОСТЫҚ МЕКЕН».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 06.35 ФУТБОЛ. 07.00 «ТАՆՏՈԼՐԱՆ». 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛИМ». 13.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.10 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 14.50 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.50, 03.25 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 19.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.30 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.45 «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ» 00.20 ЗАМАНДАСТАР. 01.30 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 23.40 АҚПАРАТ. 06.35 ФУТБОЛ. 07.00, 02.40 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.00 «ТАՆՏՈԼՐԱՆ». 10.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00, 01.10 ЕҢ ДӘМДІ. 12.50 М/Ф. 14.20 КОНЦЕРТ. 16.00 «ӨЗІЛ ӘЛЕМІ». 17.20, 00.00 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 00.20 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 19.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 21.10 Х/Ф. 00.40 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 01.55 Д/Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «КҮЙ-КЕРУЕН». 06.30, 00.40 «ЗАМАНДАСТАР». 07.35, 21.00 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.00, 03.00 АҚСАУЫТ. 09.20 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 «7-КАМЕРАДАҒЫ ТАҢҒАЖАЙЫП» Х/Ф. 14.40 М/Ф. 16.10 «ЕҢ ДӘМДІ». 17.00 «ӨЗІЛ ӘЛЕМІ». 18.00 Т/Х «ҚЫЗЫМ». 19.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 01.55 АПТА. 20.50, 02.45 АҚОРДА. 22.20 «7-ЗАККА ТҮСКЕН АТА-АНА» Х/Ф. 03.20 Д/Ф. 04.05 КҮМІС КӨМЕЙ.


Дүйсенбі, 28 сәуір	Сейсенбі, 29 сәуір	Сәрсенбі, 30 сәуір	Бейсенбі, 1 мамыр	Жұма, 2 мамыр	Сенбі, 3 мамыр	Жексенбі, 4 мамыр
--------------------	--------------------	--------------------	-------------------	---------------	----------------	-------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 ОЙНАҚ. 13.30 Т/Х «КЕБЕНЕК». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 22.30 Т/Х «ОТЕЛЬ «ТОЛЕДО»». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ШАҢҒУ». 00.30 Т/Х «ПЕРЕКРЕТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.15 М/Ф «МЕКТЕПKE ҚАЛАЙ ЖЕТЕМІН». 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30 Т/Х «БҮЛБҮЛ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 22.30 Т/Х «ОТЕЛЬ «ТОЛЕДО»». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АЛЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 00.30 Т/Х «ПЕРЕКРЕТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.15 М/Ф «ҚОШҚАР МЕН ТЕКЕ-2». 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 СБОРНИК COVERS SHOW. 12.30 Т/Х «БҮЛБҮЛ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 22.30 Т/Х «КЛЕТКА ДЛЯ СВЕРЧКА». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АЛЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 00.30 Т/Х «ПЕРЕКРЕТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00, 16.00 НОВОСТИ. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.20 М/Ф. 12.30 М/Ф «СЕМЕЙКА ВП ФУТОВ». 14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.30 «БЕЙБИТШІК ПЕН КЕЛІСІМ», Д/Ф. 16.30 «МОЯ БОЛЬШАЯ КАЗАХСКАЯ СЕМЬЯ» Х/Ф. 18.30 COVERS SHOW. 21.00 «ТАМЫР», Х/Ф. 22.45 «ВТОРАЯ ЖИЗНЬ УВЕ» Х/Ф. 00.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 FАСТ СНЕСК. 11.55 БІР КІТАП. 12.00 ДӘСТҮР. 12.45 Т/Х «АШЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.45 Т/Х «БҮЛБҮЛ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «КЛЕТКА ДЛЯ СВЕРЧКА». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 АЛРАШҚЫ. 22.30 ОЙНАҚ. 01.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ ҚАЗУНА. 07.00 «ЖАНСЕБІЛ», Х/Ф. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 12.00 «КАК ОТДЕЛАТЬСЯ ОТ ПАРНЯ ЗА 10 ДНЕЙ» Х/Ф. 14.00 «XXI ФАСЫР КОШБАСШЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15 «АЖЫРАСАМ» Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 19.00 КЕШ ЖАРЫК! 20.45 «ЛЮБОВЬ И ПРОЧИЕ НЕПРИЯТНОСТИ» Х/Ф. 22.45 «Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ» Х/Ф. 00.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ ҚАЗУНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 10.00 «ЗАКОЛДОВАННАЯ ЭЛЛА» Х/Ф. 12.00 «ЛЮБОВЬ И ПРОЧИЕ НЕПРИЯТНОСТИ» Х/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 КЕШ-ЖАРЫҚ. 16.30 «Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ» Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 19.00 АЛРАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «КАК ОТДЕЛАТЬСЯ ОТ ПАРНЯ ЗА 10 ДНЕЙ» Х/Ф. 23.00 «АЖЫРАСАМ» Х/Ф. 00.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ.

Дүйсенбі, 28 сәуір	Сейсенбі, 29 сәуір	Сәрсенбі, 30 сәуір	Бейсенбі, 1 мамыр	Жұма, 2 мамыр	Сенбі, 3 мамыр	Жексенбі, 4 мамыр
--------------------	--------------------	--------------------	-------------------	---------------	----------------	-------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 Т/С «ПОТОМУ ЧТО ЛЮБЛЮ». 14.00, 01.45 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ИЩЕЙКА». 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.35 ТАМАША СИҮ.	06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.00 «СОЛЕНАЯ КАРАМЕЛЬ» Х/Ф. 14.00, 01.45 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ИЩЕЙКА». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.35 ТАМАША СИҮ.	06.00, 02.05 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.00 «У ПРИЧАЛА» Х/Ф. 14.00, 01.30 НОВОСТИ. 14.15, 01.50 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «СПАСИБО, ЧТО ЖИВОЙ». 23.00 «ЛЕДОКОЛ» Х/Ф. 03.30 ТАМАША СИҮ.	КАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ 06.00, 02.40 П@УТИНА. 06.40, 03.30 ТАМАША СИҮ. 07.35, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.30 «КАК ВЕРНУТЬ МУЖА ЗА 30 ДНЕЙ», Х/Ф. 10.30 «ОТЧАЯННЫЙ ДОМОХОЗЯИН» Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЛЕКАРИ ДУШ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMIZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАХСТАН! 10.00 «ЛЕКАРИ ДУШ» Х/Ф. 14.00, 02.10 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.40 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ЗА ПЕРВОГО ВСТРЕЧНОГО».	06.00 ТАМАША СИҮ. 07.55, 03.15 «П@УТИНА». 08.45, 03.45 ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ. 09.00 ҚАЙМАҚ. 09.35 «БЕЛЫЕ РОСЬБ», Х/Ф. 12.00 «ЗАПАСНОЙ ИНСТИНКТ» Х/Ф. 16.40 Д/Ф. 18.00 ТРИ АККОРДА. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАМ МЕН ЕЛ. 20.55 «ЗА ПЕРВОГО ВСТРЕЧНОГО» Х/Ф. 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.00 ТАМАША СИҮ. 07.40, 02.00 «П@УТИНА». 08.40 ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ. 09.00 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.15 «ЕСЛИ ЛЮБИШЬ - СКАЖИ», Х/Ф. 13.40 Т/С «ПЮРОКИ И ИХ ПОКЛОННИКИ». 18.00 «ЗАБЫТОЕ ПРЕСТУПЛЕНИЕ» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «ЗА ПЕРВОГО ВСТРЕЧНОГО». 00.50 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

- Күнде өзіңе есеп бер. Өзіңді тәрбиелей бер.
- Құмар ойын — әлсіздің әлесі. Мықтының рухы биік, денесі шымыр.
- Үререті мол мықтылардан ұстаздарық болсын. Бірақ, ешкімді пір тұтпа.
Бауыржан МӨМЫШҰЛЫ.



ҚАЗАҚ КҮРЕСІ



МАҒЖАНДЫҚ ЖАС БАЛУАҒДАР БІР АЛТЫН, ЕКІ КҮМІС ЖЕҢІШ АЛДЫ

Сәуір айының 18-20-ы аралығында Петропавл қала-сында Абай атындағы мамандандырылған қазақ мектеп гимназиясының спорт кешенінде 2014-2015 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында Абай Құнанбаевтың 180-жылдығына арналған қазақ күресінен «АБАЙ LIGASI» облыстық турнирдің 1-ші туры өтті.

Турнирімізге облысымыздың Шал ақын, Есіл, Ақжар, Тайынша, Аққайың, Мағжан Жұмабаев аудандары және қаланың 4 мектебінен 10 салмақ дәрежесінде 110 жуық оқушы қатысты. Жоғары деңгейде өткен жарыс қорытындысы бойынша анықталған жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен және мадақтамалармен марапатталды. Аталмыш күрес додасында Мағжан Жұмабаев ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің 10 оқушысы қатысып, лайықты өнер көрсетті. Мәселен, боз кілемде 50 келі салмақ

дәрежесінде өнер көрсеткен Нұрислам Әлімжан чемпион атанды. Ал 50 келіден жоғары салмақта белдескен Ернар Өстемір мен 26 келі салмақта күрескен Әділ Мусин күміс медальдарды ұтып алды. Ал Нұрғали Абдумажин жеңіске деген жігері үшін дипломымен марапатталды. Қазақ күресі бойынша жаттық-тырушы-оқытушы Амангелді Бөкіровты және жеңімпаз бен жүлдегер атанған жас балуандарды лайықты өнер көрсетуімен құттықтап, алдағы жарыстарда да жеңіс тілейміз.

Ермек ИСМАҒҮЛОВ,
БЖСМ баспасы.

«ҮМІТ» АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ

АЛАНДА РУХЫ МЫҚТЫ ЖАНДАР ЖАРЫСТЫ



16 сәуір күні Мағжан Жұмабаев ауданында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Үміт» атты алғашқы аудандық спартакиада болып өтті.

Өткізілген іс-шара түрлі ауылдық округтерден рухы мықты қатысушылар біріккен шабыттандыратын оқиға болды. Жарыс пауэрлифтинг, үстел теннисі, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, дартс, жеңіл атлетика (60 метр қашықтық, 200 метр қашықтық, орнынан ұзындыққа секіру, ядро лақтыру) және мүгедектер арбасымен жарысу сияқты спорт түрлерінен өтті. Әр спортшылар керемет ерік-жігерін, табандылығын және жеңіске деген ұмтылысын көрсете білді. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерді шын жүректен құттықтаймыз! Өткізілген жарыстардың қорытындысы бойынша спортшылар келесідей нәтиже көрсетті:

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

- 1 орын - Ысқақов С. (Булаев қ.),
- 1 орын - Ярошецкий Н. (Молодогвардейское а/о)
- 2 орын - Лесин А. (Возвышен с/о),
- 2 орын - Дроздов Е. (Чистов с/о),
- 3 орын - Абдримов Н. (Чистов с/о)

ДОЙБЫ

- 1 орын - Ысқақов С. (Булаев қ.)
- 2 орын - Чижик О. (Молодогвардейское а/о)
- 3 орын - Козинский К. (Бастомар а/о)

Ерлер

- 1 орын - Полякова Н. (Булаев қ.)
- 2 орын - Зайцева В. (Возвышенский с/о)

Әйелдер

- 1 орын - Куташин А. (Авангард)
- 1 орын Штыкова Н. (Аққайың а/о)

Ерлер (есту)

- 1 орын Дроздов Е. (Чистов с/о)
- ШАХМАТ**
- Ерлер**
- 1 орын - Паленый С. (Алтын дән а/о)
 - 2 орын - Жуковский А. (Успенка а/о)
 - 3 орын - Лукановский П. (Полудин а/о)

Әйелдер

- 1 орын - Кобкова О. (Аққайың а/о)
- ПАУЭРЛИФТИНГ**

Ерлер 80 кг дейін

- 1 орын - Сейітов К. (Лебяжье а/о)
- 2 орын - Ходаров К. (Ноғайбай би а/о)

Ерлер 88 кг жоғары салмақта

- 1 орын - Сапаров Д. (Булаев қ.)
- 2 орын - Пешкур В. (Успенка а/о)

ДАРТС

Ерлер

- 1 орын - Белгібаев Б. (Қарақоға а/о)
- 2 орын - Кетов М. (Бәйтерек а/о)
- 3 орын - Ярошецкий Н. (Молодогвардейское а/о)

Әйелдер

- 1 орын - Никитина К. (Ноғайбай би а/о)
- 2 орын - Тихонова А. (Успенка а/о)
- 3 орын - Қоқышева С. (Успенка а/о)

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

60 МЕТРЕ ЖҮГІРУ

Ерлер

- 1 орын - Ходаров К. (Ноғайбай би а/о)

ОРНЫНАН ҰЗЫНДЫҚҚА СЕКІРУ

Ерлер

- 1 орын - Ходаров К. (Ноғайбай би а/о)

200 МЕТРЕ ЖҮГІРУ

Әйелдер

- 1 орын - Зайцева В. (Возвышен а/о)
- 2 орын - Ахметова А. (Булаев қ.)

60 МЕТРЕ ЖҮГІРУ

Әйелдер

- 1 орын - Зайцева В. (Возвышен а/о)
- 2 орын - Ахметова А. (Булаев қ.)

ОРНЫНАН ҰЗЫНДЫҚҚА СЕКІРУ

Әйелдер:

- 1 орын - Зайцева В. (Возвышен а/о)
- 2 орын - Ахметова А. (Булаев қ.)

Барлық қатысушылар мен төрешілерге қажетті әрі қызықты спорт мерекесін ұйымдастырғаны үшін алғыс білдіреміз! «Үміт» спартакиадасы - бұл жай ғана жарыс емес, рух пен ерік-жігердің нағыз жеңісі. «Үміт» спартакиадасы ауданымызда жыл сайын өтетін дәстүрлі додаға айналды!

Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

Директор - бас редактор
Неля ГОИЧАР
Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Сәуіттік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Баспадан істейтін: 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magzhan zhuldizi» газеті редакцияда теріліп беттеледі.
«Северный Казахстан» баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Копунов к-сі, 5 үй).
Тарауымы - 570

Газет аудан әкімінің, аудандық мамандықтардың тарапынан қолдауымен шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудің ресми баспасы болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г қуәлігін алған. Жарнамадан мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қолқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады